

УДК 376

МРНТИ 14.05.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.021>

## БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЕРДІ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

\*Мукажанова Э.Т.<sup>1</sup>, Абаева Г.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қоғам дамуының заманауи кезеңі мамандарды даярлау бағытына, оларды дайындайтын жоғары оқу орындарының жұмысына түбегейлі жаңа талаптар мен міндеттер қояда. Сондықтан да мемлекет тарапынан жыл сайын арнайы мамандарды даярлауға бөлінетін мемлекеттік гранттардың көлемін ұлғайтуда. Бұл жоғары оқу орындарында болашақ арнайы мамандарды даярлауға сұраныстың жоғарлағанын көрсетеді. Алынған зерттеу тақырыбының өзектілігі бірқатар себептерге байланысты: заман талабына сай арнайы білім беру үрдістерінің өзгеруіне; мамандарды даярлау тәсілдерінің жаңаруына; ерекше қажеттілігі бар балалар контингентінің жыл сайын өсуі. Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ғылыми-практикалық орталығының мәліметтері бойынша, соңғы үш жылда біздің елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар саны (оның ішінде күрделі бұзылысы бар) күрт өсті. Демек, дамуында күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге кадрлар даярлау болашақ арнайы педагогтерді даярлаудың өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі бағыты – жоғары оқу орындарында болашақ арнайы педагогтерді даярлаудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдау негізінде болашақ арнайы педагогтерді даярлаудың тенденциялары мен тәсілдерін анықтау.


Ұсынылған мақалада еліміздегі «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша даярлаудың білім беру бағдарламалары сараланды, арнайы педагогтерді даярлаудың шетелдік тәжірибесі зерделенді. Болашақ арнайы педагогтерді күрделі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуге даярлау стратегиясы қарастырылды. Білім беру бағдарламаларында күрделі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған пәндердің мазмұны талданды. Зерттеу тақырыбы аясында арнайы педагогтерден «Лейкарт» әдістемесі арқылы сауалнама алынып, нәтижесі ұсынылды.

**Тірек сөздер:** кәсіби қызметке дайындық, педагогикалық даярлық, арнайы педагог, құзыреттілік, күрделі бұзылыс, білім беру бағдарламасы, ерекше қажеттілігі бар бала, жоғары оқу орны

## Кіріспе

Қоғам дамуының заманауи кезеңі мамандарды даярлау бағытына жоғары талаптар қояды. Демек, арнайы мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының жұмысына түбегейлі жаңа талаптар енгізіледі. Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «болашақ мұғалімдер жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастырады; білім беру саласындағы ұтқырлықты, креативтілік пен білімді арттыруға қабілетті білікті маман даярлайды» [1].

Қазіргі заманғы арнайы білім беру саласында күрделі бұзылыстары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі өзекті бола түсуде, өйткені соңғы жылдары бүкіл әлемде бұл топтағы балалар санының өсу тенденциясы байқалуда. Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық-ғылыми практикалық орталығының мәліметі бойынша соңғы үш жылда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны ұлғайды: 2022 жылы - 188144, 2023 жылы - 203717 және 2024 жылы - 223160 [2, 10 б.]. Оны біз төмендегі диаграммадан көре аламыз.



Сурет 1 - Еліміздегі соңғы үш жылдағы ерекше қажеттілігі бар балалардың сандық көрсеткіші

Арнайы педагогика саласының даму тарихында күрделі бұзылыс ұғымына көптеген ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз анықтамаларын ұсынған.

Ағылшын зерттеуші Рехман зерттеуінде күрделі бұзылыс – бұл баланың жасына сәйкес дамуын бәсеңдетуі, яғни баланың дүниетанымына, сенсорлық дамуына үлкен ықпал етеді. Lima, Nillson, Nyberg пайымдауынша

күрделі бұзылыстары бар балалардың жалпы моторикасының бұзылуы кеңістіктегі заттарды табуды және оны басқаруды қиындатады. Бұл туындаған қиындықтар көрнекі және тактильді сезімдерге әсер етеді және одан әрі сенсорлық дамуға кедергі келтіреді [3,5б.].

Jamel, Н.Т., Yasmeen ғылыми мақаларында, күрделі бұзылыс - бұл сенсорлық дамудың тежелуі деп көрсеткен. Зерттеушілер сенсорлық даму мен когнитивті үрдіс арасындағы тығыз байланысты анықтай отырып, дамуында күрделі бұзылулары бар балалар үшін маңызды рөл атқаратынын дәлелдеген [4,12б.].

Сонымен, жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе, күрделі бұзылысы бар балалардың санаты өскен сайын әртүрлі түсініктер қалыптасты. Мысалы, шетелдік ғалымдардың көзқарасы бойынша күрделі бұзылыс барлық сенсорлық үрдістердің зақымдануының салдары болып табылады. Яғни, күрделі бұзылыс сенсорлық (есту, көру, зерде) бұзылулармен қатар, әлеуметтік ортаның да әсер ететінін білдіреді.

### **Материалдар мен әдістер**

Заманауи қоғамда күрделі бұзылысы бар балалармен бірізді дамыту жұмыстарын жүргізе алатын болашақ білікті арнайы педагогтарды дайындау қажет. Қазіргі таңда елімізде білікті мамандарды дайындау сапасына қатысты бірнеше өзекті мәселелер бар. Арнайы білім беру бағыты сөйлеу, сенсорлық және зияты зақымдалған балалармен жұмыс жасайтын мамандарды даярлауға бағытталған.

Арнайы педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарында күрделі бұзылысы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған пән енгізілген, бірақ ұсынылатын кредиттер саны айтарлықтай аз. Білім беру саласындағы өзгерістерге орай арнайы білім берудегі өзекті мәселелердің бірі – шығармашыл, білікті, білімді және арнайы әдіс-тәсілдерді меңгерген жоғары сапалы болашақ арнайы педагогтерді даярлау.

Шетелдік тәжірибеде, яғни Батыс Еуропа мен АҚШ-та арнайы білім беру саласындағы мамандарды даярлау жалпы педагогикалық және психологиялық бағыттар аясында жүзеге асырылады [5,1283б.].

Халықаралық тәжірибені саралай келе, дамыған елдерде жоғары кәсіби білім беруде мамандарды даярлау көпдеңгейлі жүйе бойынша жүзеге асырылатыны көрсетілген. Бұл болашақ мамандардың нарықтық қатынастарға жылдам бейімделуіне, әлеуметтік ортадағы өзгерістерге жедел жауап беруге, шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл оқыту курстарының көпшілігі модульдік жүйе бойынша ұйымдастырылған. ЮНЕСКО-да сапалы және үздіксіз білім беру үшін ең қолайлы деп бекітілген. Соның ішіндегі жоғары оқу орындарына талдау жасайық [6,250 б.].

Загреб университетінде 1990 жылы Арнайы білім беру кафедрасы ашылды. Ал, 2000 жылы аталмыш университет Болон жүйесіне кіріктірілді. Университеттегі арнайы педагогтерді даярлаудың өзгешелігі білім алушылар ең бастапқыда медициналық мекемлерден тәжірибе өтеді.

Профессор-оқытушыларының пікірінше, болашақ арнайы педагогтің сапалы білікті түзету жұмыстарын жүргізу үшін ең алдымен бұзылыстың медициналықшығу тегін білу қажет. Сонымен қатар, университетте бакалавр, магистр және доктарантура бағыты қарастырылған. Университеттің білім беру бағдарламасында күрделі бұзылысы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған пәндер қарастырылған: 4-ECTS – аутистік бұзылысы бар балаларды дамыту, 3-ECTS- Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оқыту.

Мысалы, Германияда студенттердің жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінің траекториясының еркіндігін қамтамасыз ете алатындай етіп құрылған. Студент бір мезгілде әртүрлі университеттерге сабақтас пәндер бойынша қатыса алады, бірақ олардың тек бір университетінде ғана тіркелу керек [7,56 б.].

Хачатура Абовян атындағы Армян мемлекеттік педагогикалық университетінде 1982 жылы алғаш рет бакалавриат және магистратура бағыты бойынша «Арнайы педагогика» кафедрасы құрылды. 2011 жылы университет ректорының қолдауымен «Арнайы және инклюзивті білім беру» факультеті ашылды. Білім беру ордасының өзгешелігі арнайы педагогтарды даярлаумен қатар, арт терапия, эрогтерапевт және арнайы психолог мамандарын даярлайды.

Жалпы, болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеу қабілетін арттыруға бағытталған көптеген шетелдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстары бар. Мұны төмендегі кестеден көре аламыз.

Кесте 1 - Болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге даярлау бойынша шетелдік және отандық зерттеулер

№	Мемлекет	Зерттеу жұмысының мазмұны
1	Жапония	Зерттеу барысында ғалымдар арнайы педагогтер үшін күрделі бұзылысы бар балалармен өзара әрекеттесу және қарым-қатынас орнату, олармен түзету жұмыстарын жүргізуде қиындықтардың туындайтынын анықтады. Қиындықтардың себептері: арнайы педагогтердің практикалық тәжірибесінің аздығы; бұзылыстың медициналық тұрғыдағы шығу тегі туралы ақпараттарының жеткіліксіздігі [8, 377 б.].
2	Белоруссия	Зерттеу жұмыстарында арнайы мамандардың ерекше қажеттілігі бар балалардың әртүрлі топтарымен жемісті жұмыс жүргізуге даялауда ең алдымен әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіру қажет екендігін көрсеткен. Сонымен қатар, әдістемелік құзыреттіліктің құрылымын сипаттаған: когнитивтік, практикалық, жеке тұлғалық. Зерттеушілер өз мемлекетіндегі ЖОО даярланатын білім беру бағдарламаларын талдай отырып, оны қайта жаңартудың жолдарын айқындайды [9, 64 б.].

3	Армения	Зерттеу жұмысының нәтижесінде ғалымдар инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарын жүргізудегі туындаған қиындықтарды шешудің жолдарының бірі - қолдау көрсетудің бірыңғай жүйесін құру қажеттігін атап өтті [10, 249 б.].
4	Қазақстан	Ғалымдар ғылыми зерттеу мақалаларында Батыс Еуропа елдерінің білім беру жүйесін зерделей отырып, арнайы мамандарды жүйелі даярлаудың бес кезеңдерін атап көрсеткен [11, 24 б.].
5		Алыс және жақын елдердегі арнайы педагогтерді даярлаудың ерекшеліктері мен өзгешеліктерін айқындап, еліміздегі арнайы мамандарды даярлаудағы өзекті мәселелерді зерделеу нәтижесінде арнайы педагогтерді даярлаудың моделін ұсынды [12, 129 б.].

Елімізде ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру үшін жоғары оқу орындарында арнайы мұғалімдер дайындалады. Дегенмен, жоғарыда талданған зерттеулерге тоқтала кете, күрделі бұзылысы бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету және бірізділікпен түзету жұмыстарын жүргізуге қабілетті білікті мамандарды мақсатты түрде дайындау әлі де өзекті мәселе болып қалады. ҚР ҒЖБМ-нің жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелген 6B01902-Арнайы педагогика мамандарын даярлайтын білім беру бағдарламаларына талдау жүргізілді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің білім беру бағдарламасының кредит саны -240 ECTS құрайды. Бағдарламада күрделі бұзылысы бар балалардың педагогикалық-психологиялық сипаттамалары, олармен түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу әдістерін меңгеруге бағытталған пән қарастырылған.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті де ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін болашақ арнайы педагогтерді даярлайды. Білім беру бағдарламаларының тобы – «6B01902-Арнайы педагогика». Білім беру бағдарламасы 52 пәнді қамтиды. «Күрделі бұзылысы бар балалардың психофизикалық дамуының технологиясы (5 ECTS)» пәні енгізілген.

А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде екі пән айқындалды. Ол 3 курста «Зиятында күрделі ауытқуы бар балаларды оқыту» -5 ECTS. «Зиятында күрделі ауытқуы бар балаларды оқыту» пәні терең зияты зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, оларды оқыту мен дамытудың мақсаттары, міндеттері, принциптері, мазмұны мен әдістері және оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі жүйесі қарастырылады. Сонымен қатар 4 курста «Күрделі бұзылысы бар балалардың психофизиологиялық дамуы» атты пән бар. 3 ECTS – кредитті құрайды.



Сурет 2 - Қазақстандық жоғары оқу орындарының «БВ01902-Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасын талдау

### Талқылау және нәтижелер


Ғылыми зерттеу жұмысының алғашқы сатысында біз арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен түзету жұмысын жүзеге асыруға деген көзқарасы мен дайындығын айқындауды мақсат еттік. Сауалнама «Лейкарт» әдістемесі арқылы және үш шкала ретінде алынды. Шкаламен жұмыс істеу кезінде субъект «толық келісемін» дегеннен «толық келіспеймін» дегенге дейінгі немесе «иа» және «жөк» әрбір пайымдаумен келісу немесе келіспеу дәрежесін бағалайды. Әрбір жеке пайымдаудың бағалау қандай да бір мәселе бойынша субъектінің көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнамаға 75 арнайы мамандар (арнайы педагог, логопед, сурдопедагог, тифлопедагог) қатысты. Сауалнама да ұсынылған әр сұрақтың жауаптарын ұсынамыз. Алғашқы жауаптарына көз жүгіртейік: 38,7%-ы - Логопед, 46,7%-ы - арнайы маман (олигофренпедагог), сурдопедагог (есту қабілеті зақымдалған) -10,7%, тифлопедагог (көру қабілеті зақымдалған) -4% мамандар қатысты.

Біздің келесі сұрағымыз арнайы мамандардың еңбек өтілімін айқындау. 1-3 жылға дейін жас мамандардың пайыздық көрсеткіші – 27%. 3-6жыл – 27%, 6 жылдан жоғары – 46%.


Қазіргі таңда күрделі бұзылысы бар балаларды зерттеу арнайы педагогика ғылымының өзекті тақырыптарының бірі болып табылады.

Үшінші сұрағымыз арнайы мамандар тәжірибесінде осы топтағы балалармен түзету жұмыстарын жиі жүргізе ме, жиі кездестіретіні туралы қойылады. Нәтижесінде 82% -ы кездесетінің белгілеген. Жоқ, сирек кездеседі -18%. Демек, бұл балалар санының артқанын көрсетеді. Оның нәтижесін төмендегі диаграммадан көре аламыз.



Сурет 3 - «Мен өз тәжірибемде күрделі бұзылысы бар балаларды жиі кездестіремін»


Респонденттердің жауаптары көрсеткендей, олардың 63%-ы өз тәжірибелерін жинақтау кезінде күрделі бұзылысы бар балаларға қарасты арнайы оқулықтарды оқыды, дегенімен осы санаттағы балалар кездескен жағдайда үнемі мамандандырылған көмекті талап етті. 9,6%-ы бұл санаттағы балалар кездеспеген, алайда арнайы дағдыларға ие болу қажет деп санады. 27,4%-ы үстірт оқығанын көрсетеді. Бұл сұрақтың жауабын төмендегі диаграммадан көре аламыз.



Сурет 4 - «Мен күрделі бұзылысы бар балалардың даму өзгешеліктері жайлы әдебиеттерді оқыдым»


Келесі сұрақ «Мен күрделі бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізудің әдістерін білемін» Сұраққа арнайы мамандардың 62,2%-ы жұмыс әдістерімен таныс екендіктерін айтты. 25,6%-ы топтық бағалау барысында арнайы мамандардың түзету сабақтарына қатысқандары үшін үстірт таныспыз деп жауап берді. 12,2% - ы оқымадық деп жауап берді.





Сурет 5 - «Мен күрделі бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізудің әдістерін білемін»

Арнайы мұғалімнің түзету жұмыстарын тиімді жүзеге асырудың бірі- баламен дұрыс өзара қарым-қатынасқа түсе білу. Келесі сұрағымыз «Мен күрделі бұзылысы бар балалармен қарым-қатынас орнату сәтінде белгілі бір қиындықтарды кездестірдім» Қатысушылардың басым бөлігі (58,1%) «иә» деп жауап берді, яғни балалармен жүздесу барысында қиындық туындағанын көрсетеді, 12,2% олар теріс жауап берді, бұл маманның ата-ана және балалармен қарым-қатынасқа түсе білгенің көрсетеді, ал ішінара қиындық туындады деп -29,7% жауап берді жауап.



Сурет 6 - «Мен күрделі бұзылысы бар балалармен қарым-қатынас орнату сәтінде белгілі бір қиындықтарды кездестірдім»

### Қорытынды

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады:

- теориялық талдау негізінде шетелдік тәжірибеде күрделі бұзылысы бар балалармен арнайы мамандардың жемісті жұмысын жүргізу үшін ең бірінші медициналық мекемелердегі практикадан өтуі маңызды екенін көрсеткен.

- елімізде ерекше қажеттілігі бар балалардың көбеюі жоғары оқу орындарында арнайы мамандарды даярлау талаптарын күшейтуге ықпал етеді;



- еліміздегі жоғары оқу орындарының бағдарламаларында күрделі бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізуде болашақ арнайы педагогтарға бағыт-бағдар беретін арнайы пәндер аз екенін атап өткен жөн;

- сауалнама нәтижелерін қорытындылай келе, арнайы педагогтар бұл топтағы балалар туралы ақпараттарын әлі де жетілдіруді қажет етеді. Демек, күрделі бұзылысы бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуде тәжірибені молайту мақсатында қайта даярлау курстарын ұйымдастыру жөн.

Дегенмен, қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесіне үлкен мән берілуде. Мұны ғалымдардың зерттеу еңбектерінен де байқауға болады. Бұл мәселенің шешімі ретінде жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасын қайта қарау, арнайы пәндерді енгізу немесе болашақ арнайы педагогтардың күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізуге даярлаудың үлгісін жасау.

#### *Қаржыландыру көзі*

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

## ӘДЕБИЕТ

[1] «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов высшего и послевузовского образования» Приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 20 июля 2022 года № 2. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 июля 2022 года № 28916

[2] Национальный научно-практический центр развития Специального и инклюзивного образования «Справка: по статистическому учету детей с особыми образовательными потребностями в Республике Казахстан на 01.01.2023 г.» Алматы, 2023. - 10 с.

[3] Paju B., Rätty L., Pirttimaa R., Kontu E. The School Staff's Perception of Their Ability to Teach Special Educational Needs Pupils in Inclusive Settings in Finland // International Journal of Inclusive Education. - 2016. – Vol. 20 (8). – 5s.

[4] Jameel, H. T., Yasmeen, F., and Jokerst, T. Effects of kinesthetic training on the perception abilities of cerebral palsy children. Journal of Early Childhood Care and Education, 2019. –12s.

[5] Pexman, P. M.. The role of embodiment in conceptual development. Lang. Cogn. Neurosci., 2017.–1283s.

[6] Haruo Fujino, Megumi Matsumoto, Aya Mieno Interactions between special education teachers and children with chronic complex conditions: Rapid & Transparent Publishing F1000 Research, 2024.-250s.

[7] Дюсенбаева Б.А. Диссер. на соискание ученой степени доктора философии PhD «Подготовка специального педагога к работе в условиях инклюзивного образования» -Алматы, 2022.-56с.

[8] Kim J.-R. Influence of teacher preparation programmes on preservice teachers' attitudes toward inclusion. // International Journal of Inclusive Education, 2011. – № 15 (3). – 377s.

[9] Svetlana E. Gaidukevich Methodological Training of Special Education Teachers in Belarus: State and Development Strategies Education and Self Development. Volume 17, № 3, 2022.-64s.

[10] Т.Ю. Азатян, А.А. Асланян Исследование уровня информированности педагогов, работающих с детьми с тяжелыми и множественными нарушениями развития, в Армении Science for Education Today: 2021, том 11, №2. -249с.

[11] Абаева Г.А., Оразаева Г.С. Подходы к образованию лиц с «особыми нуждами» и опыт подготовки специальных педагогов в странах восточной европы //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024 ж.- 24с.

[12] Dyussenbaeyeva B, Kuznetsova M, Alpysbayeva M, Nietbaeva G. Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education // Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022.-129s.

## REFERENCES

[1] «Ob utverjdenii gosudarstvennih obscheobyazatelnih standartov visshogo i poslevuzovskogo obrazovaniya» Prikaz Ministra nauki i visshogo obrazovaniya Respubliki Kazahstan ot 20 iyulya 2022 goda № 2. Zaregistririvan v Ministerstve yusticii Respubliki Kazahstan 27 iyulya 2022 goda № 28916 (“On approval of the State mandatory standards of higher and postgraduate education” Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022 No. 2. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on July 27, 2022 No. 28916.) [in Kaz]

[2] Nacionalnii nauchno prakticheskii centr razvitiya Specialnogo i inklyuzivnogo obrazovaniya «Spravka po statisticheskomu uchetu detei s osobimi obrazovatelnimi potrebnostyami v Respublike Kazahstan na 01.01.2023 g.» (National Scientific and Practical Center for the Development of Special and inclusive Education “Reference: on statistical accounting of children with special educational needs in the Republic of Kazakhstan on 01.01.2023.”)Almaty, 2023.-10 s. [in Kaz]

[3] Paju B., Rätty L., Pirttimaa R., Kontu E. The School Staff’s Perception of Their Ability to Teach Special Educational Needs Pupils in Inclusive Settings in Finland // International Journal of Inclusive Education, 2016. – Vol. 20 (8). – 5s. [in Eng]

[4] Jameel, H. T., Yasmeen, F., and Jokerst, T. Effects of kinesthetic training on the perception abilities of cerebral palsy children. Journal of Early Childhood Care and Education, 2019. –12s. [in Eng]

[5] Pexman, P. M. The role of embodiment in conceptual development. *Lang. Cogn. Neurosci*, 2017. -1283 s. [in Eng]

[6] Haruo Fujino, Megumi Matsumoto, Aya Mieno Interactions between special education teachers and children with chronic complex conditions: Rapid & Transparent Publishing F1000 Research, 2024. -250s. [in Eng]

[7] Dyusenbaeva B.A. Dissert. na soiskanie uchennoi stepeni doktora filosofii PhD «Podgotovka specialnogo pedagoga k rabote v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya» (Dissert. for the degree of Doctor of Philosophy PhD “Training of a special teacher to work in an inclusive education environment”), Almaty, KazNPU named after Abai, 2022.-56 s. [in Kaz]

[8] Kim J.-R. Influence of teacher preparation programmes on preservice teachers’ attitudes toward inclusion. // *International Journal of Inclusive Education*, 2011.–377s. [in Eng]

[9] Svetlana E. Gaidukevich Methodological Training of Special Education Teachers in Belarus: State and Development Strategies Education and Self Development. Volume 17, № 3, 2022.-64s. [in Rus]

[10] T. Y. Azatyan, A. A. Aslanyan Aslanyan Issledovanie urovnya informirovannosti pedagogov rabotayuschih s detmi s tyajelimi i mnojestvennimi narusheniyami razvitiya v Armenii (A study of the awareness level of teachers working with children with severe and multiple developmental disabilities in Armenia ) // *Science for Education Today: 2021, tom 11, No. 2.* -249 s. [in Rus]

[11] Abayeva G. A., Orazaeva G. S. Podhodi k obrazovaiyu lic s «osobimi nujdami» i opit podgotovki specialnih pedagogov v strannah vostochnoi evropi (training of persons with “ special needs “and training of special teachers in foreign countries of Eastern Europe) // *Bulletin of Abai Kaznpu” Pedagogical Sciences “ Series, No. 1(81), 2024.* -24s. [in Kaz]

[12] Dyussenbaeyeva B, Kuznetsova M, Alpysbayeva M, Nietbaeva G. Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education. // *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 2022. – №17(3). – 129s. [in Kaz]

## **ЗАРУБЕЖНЫЙ И ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ОПЫТ ПО ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ ДЛЯ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ СО СЛОЖНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ**

\*Мукажанова Э.Т.<sup>1</sup>, Абаева Г.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Современный этап развития общества предъявляет принципиально новые требования к направлению подготовки будущих специальных педагогов. Поэтому государство ежегодно увеличивает объем выделяемых государственных грантов на подготовку специальных педагогов. Это свидетельствует о повышенном спросе на подготовку будущих специальных педагогов в вузах. Это связано с изменением тенденций специального образования, с обновлением подходов к подготовке

специалистов, а также с изменением контингента детей с ограниченными возможностями. По данным Национальной научно-практического центра развития специального и инклюзивного образования, за последние три года в нашей стране резко возросло количество лиц с особыми образовательными потребностями (множественными нарушениями). Следовательно, подготовка кадров к работе с детьми со сложными нарушениями в развитии – одна из актуальных задач подготовки будущих специальных педагогов.

Основное направление нашей исследовательской работы-выявление тенденций и подходов к подготовке будущих специальных педагогов на основе анализа зарубежного и отечественного опыта подготовки будущих специальных педагогов в вузах.

В целях изучения подготовки к работе с детьми со сложными нарушениями в развитии, изучены образовательные программы вузов по специальности «Специальная педагогика», изучен зарубежный опыт подготовки специальных педагогов. Рассмотрена стратегия подготовки будущих специальных педагогов к работе с детьми со сложными нарушениями. В образовательных программах проанализированы содержание дисциплин, которые направлены на формирование компетенций по работе с детьми со сложными нарушениями. В рамках темы исследования были проведены опросы специальных педагогов по методике «Лейкарт» и представлены результаты.

**Ключевые слова:** подготовка к профессиональной деятельности, педагогическая подготовка, компетенция, специальный педагог, со сложными нарушениями, с особыми образовательными потребностями, образовательная программа, высшее учебное заведение

## FOREIGN AND DOMESTIC EXPERIENCE IN TRAINING FUTURE SPECIAL TEACHERS TO WORK WITH CHILDREN WITH COMPLEX DISABILITIES

\*Mukazhanova E.T.<sup>1</sup>, Abayeva G.A.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The current stage of society's development imposes fundamentally new requirements on the direction of training future special educators. Therefore, the state annually increases the amount of state grants allocated for the training of special specialists. This indicates an increased demand for the training of future special educators in universities. This is due to changing trends in special education, an update in approaches to specialist training, and a change in the number of children with disabilities. According to the National Scientific and Practical Center for the Development of Special and Inclusive Education, the number of people with special educational needs (multiple disabilities) has increased dramatically in our country over the past three years. Consequently, training personnel to work with children with complex developmental disabilities is one of the most important tasks of training future special educators.

The main focus of our research is to identify trends and approaches to the training of future special educators based on the analysis of foreign and domestic experience in the training of future special educators in universities.

In order to study the preparation for working with children with complex developmental disabilities, the educational programs of universities in the specialty “Special Pedagogy” were studied, and the foreign experience of training special educators was studied. The strategy of preparing future special educators to work with children with complex disabilities is considered. The educational programs analyze the content of disciplines that are aimed at developing competencies for working with children with complex disabilities. Within the framework of the research topic, surveys of special educators using the Leikart method were conducted and the results were presented.

**Key words:** preparation for professional activity, pedagogical training, special teacher, competence, complex disorder, educational program, with several developmental disorders, higher education institution

*Мақала түсті: 16 қаңтар 2025*

#### ***Авторлар туралы мәлімет***

Мукажанова Эльмира Тайтолеуовна – докторант, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [elmira\\_mukajanova@mail.ru](mailto:elmira_mukajanova@mail.ru)

Абаева Галия Аскарбековна - Педагогика ғылымының кандидаты, доцент, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru)

#### ***Информация об авторах***

Мукажанова Эльмира Тайтолеуовна – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: [elmira\\_mukajanova@mail.ru](mailto:elmira_mukajanova@mail.ru)

Абаева Галия Аскарбековна-кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru)

#### ***Information about authors***

Mukazhanova Elmira Taitoleuovna - doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [elmira\\_mukajanova@mail.ru](mailto:elmira_mukajanova@mail.ru)

Abayeva Galiya Askarbekovna - candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru)